



Автор: Таскумбаева Жанна Самуратовна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Біздің өмірімізде алгоритмдер

Тақырып: Лабиринт. Виртуалды лабиринт

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	- Орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру; - Алгоритмді ауызша түрде ұсыну
Сабақтың мақсаты:	алгоритмді ауызша түрде ұсыну; лабиринттан өту үшін бағыт құру
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар алгоритмді өту алгоритмін суреттей алады Диалог пен хатқа арналған пайдалы сөздер: Егер... (шарт), онда ... Аталмыш мәселені шешу үшін мен ... Ұсыныстарды таныстру үшін мен келесіні таңдадым ... Менің бағдарламам келесі командалардан тұрады ...
Бағалау критерийлері:	алгоритм анықтамасын тұжырымдау алгоритмді ауызша түрде ұсыну орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру оңтайлы бағыт табу
Құндылықтарды дарыту:	Өмір бойы оқу, бірін бірі бағалау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Презентация, бейнеролик
Пәнаралық байланыс:	Логика, математика
Бастапқы білім:	Осы сабақ алдында оқушылар нені білді және нені білу қажет? (негізгі , фактілер, формулалар, теориялар) Қолданыстағы білімді қалай жетілдіруге болады?

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Ұйымдастыру сәті Оқушылармен амандасу, қатысушыларды тексеру Үй тапсырмасын тексеру Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа 16 сөз бар үлестірмелі қағаз беріледі. Соның ішінде тек «Алгоритм» тақырыбына қатысты 8 сөзді анықтайды. Қалған сөздердің бас әріптерінен сөз құрастыру қажет	презентация https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/algorithm-zhane-atqarushy-uhymy

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин)	Сабақтың тақырыбы мен мақсатын құру Оқушылардан лабиринтті қайда кездестіргені туралы мысал келтіруін сұрау. Лабиринт – түрлі өткелдер мен жолдар арқылы берілген шатасқан күрделі құрылым. Виртуалды лабиринт желі арқылы түрлі өткелдер мен қиылыстарды, кедергілерді өту бойынша берілетін ойындар топтамасында, балалар ойындарында көптеп кездеседі. «Тілек айту». - Балалар, біздің машинамыздың жанармайы бітіп қалуға жақын. Бір-бірімізге тілек айтып, бакқа жанармай құйып алайық. Бірінші тілекті былай деп бастаймын... Жорамал жауап: бүгінгі сабақта белсенді болуына тілектеспін. Оқушылар бір-біріне тілек айтады. Соңғы оқушы тілегін айтып, кішкентай машина өзіме қайтарады. - Ал енді жолға шығайық. Бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр.Жасыл шам жанғанша, тауыққа, қоянға, динозаврға көмектесіп, мына тапсырманы жұппен орындайық. -Тапсырманы тексеру үшін, басқа жұппен алмасамыз. - Бәріне көмектестік. Жарайсыңдар!!! Міне жасыл шам да жағылды. Ары қарай жылжыйық. Сергіту сәтін өткізу.	
Сабақтың соңы (10 мин)	Практикалық жұмыс Оқушыларға алгоритмді жазу барысындағы тестілеудің қажеттілігін түсіндіріңіз. Мұғалім жұмысты бақылайды. Алгоритмнің дұрыстығын тексеру үшін, тапсырманы орындаған соң тексереміз.. Қате табылған жағдайда оны бірлесе отырып дұрыстаймыз. Нәтижесін сыныппен талқылаймыз..	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/algorithm-turleri
Рефлексия (3 мин)	Оқушыларға сабақта өткен білімді еске түсіруді ұсыну Оқушылармен ең қиын болған сабақ бөлімін талқылаңыз	